

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына жарылғыш материалдардың
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1354

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2002 жылғы 22 қазандағы N 02/103 келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда Өзбекстан Республикасының Геология және минералдық ресурстар жөніндегі мемлекеттік комитетіне (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 24 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына қосымша

**2002 жылғы 22 қазандағы N 02/103 келісім-шарт бойынша
Өзбекстан Республикасының Геология және минералдық ресурстар
жөніндегі мемлекеттік комитеті үшін (Өзбекстан Республикасы,
Ташкент қаласы) "Искра" Новосибирск механикалық зауыты"
(Ресей Федерациясы, Новосибирск қаласы) федералдық**

**мемлекеттік біртұтас кәсіпорны беретін жарылғыш
материалдардың номенклатурасы мен саны**

P/c! Жарылғыш ! СЭҚ ТН ! Өлшем ! Саны ! Бірлік ! Құны АҚШ
N !материалдың ! коды !бірлігі! !бағасы АҚШ! долларымен
! атауы ! ! !долларымен!

1 КД8МА 360300900 мың 30,0 117,0 3510,0
т ұ т а н д ы р ғ ы ш д а н а

к а п с ю л і ,

MEMСТ 6254-85

2 ЭТ-8Ж электр 360300900 мың 50,0 370,0 18500,0
т ұ т а н д ы р ғ ы ш ы д а н а

MEMСТ 9089-76

3 ЭД-КЗ-ПКМ 360300900 мың 50,0 430,0 21500,0
э л е к т р д а н а

т ұ т а н д ы р ғ ы ш ы ,
Ж Ж С Ж

773.951.303

4 ЭТ-3Н электр 360300900 мың 100,0 500,0 50000,0
т ұ т а н д ы р ғ ы ш ы , д а н а

Ж Ж С Ж

773.951.303ТУ

Ж и ы н ы :

9 3 5 1 0 , 0

Жөнелту пункті: Пашино станциясы, Батыс Сібір темір жолы (Ресей Федерациясы).
Баратын пункті: Ташкент тауар станциясы, Өзбекстан темір жолы (Өзбекстан
Р е с п у б л и к а с ы) .

Шекаралық өту пункттері: Локоть станциясы - Шеңгелді станциясы.